

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
әкімдігінің
«Қасым Қайсенов атындағы
№ 27 мектеп-лицейі»
ШЖҚ МҚК



Республика Казахстан
ГКП на ПХВ
"Школа-лицей № 27
имени Қасыма Қайсенова"
акимата
города Астана

БҰЙРЫҚ
2025 жылғы «2» қыркүйек
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 423 Ж/Қ
город Астана

2025-2026 оқу жылында
білім беру ұйымдарындағы
тамақтандыруды
ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістермен толықтыру туралы сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында төгін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.
2. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракораждық комиссия құрамына енгізілсін.
3. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
4. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістер еліміз ұйымына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуына үзеге асырылсын.
5. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.

6. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

7. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру).

8. Интернет – ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.

9. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алсын.

10. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С. Идрисоваға жүктелсін.

Директордың м.а.



М.Г.Макаева